

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ТІЛДІК СИПАТЫ

*Жанпеисова А.Г.,*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ балалар фольклорының этнотілдік табиғаты қарастырылады. Мақсатымыз – балалар фольклоры мәтіндері арқылы ұлттың мәдени кодын, дүниетанымдық ұстанымдарын және тілдік болмысын анықтау. Жұмыста сипаттамалы, салыстырмалы және лингвомәдени талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде балалар фольклорының тілдік құрылымы мен бейнелі жүйесінде халықтың тәрбиелік, этикалық және танымдық құндылықтары сақталғаны дәлелденді. Мақалада фольклор мен тілдің өзара байланысы ұлттық мәдени жад пен рухани сабақтастық тұрғысынан пайымдалады.

**Түйін сөздер:** балалар фольклоры, этномәдени қабат, мәдени код, тілдік бейне, ұлттық дүниетаным, концепт, лингвомәдениет.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается этноязыковая специфика казахского детского фольклора. Цель исследования заключается в том, чтобы через тексты детского фольклора выявить культурный код нации, её мировоззренческие установки и языковую сущность. В работе использовались описательный, сравнительный и лингвокультурный методы анализа. Результаты показали, что в языковой структуре и образной системе детского фольклора сохраняются воспитательные, этические и познавательные ценности казахского народа. Кроме того, в статье подчеркивается взаимосвязь фольклора и языка как ключевых элементов национальной культурной памяти и духовной преемственности.

**Ключевые слова:** детский фольклор, этнокультурный пласт, культурный код, языковой образ, национальное мировоззрение, лингвокультура

**Abstract.** This study explores the ethno-linguistic nature of Kazakh children's folklore. It aims to reveal the nation's cultural code, worldview, and linguistic identity through folklore texts. Using descriptive, comparative, and linguistic-cultural methods, the research shows that children's folklore preserves the Kazakh people's educational, ethical, and cognitive values. The study also highlights the close link between folklore and language as essential components of national cultural memory and spiritual heritage.

**Keywords:** children's folklore, ethnocultural layer, cultural code, linguistic image, national worldview, linguistic culture

Қазақ балалар фольклоры – ұлттың рухани-мәдени болмысын, дүниетанымын, әлеуметтік-адамгершілік ұстанымдарын бейнелейтін ерекше мәдени феномен. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан халық даналығы мен тәжірибесінің көрінісі ретінде тек ойын-сауық немесе көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың дүниені қабылдау жүйесін, тілдік және мәдени жадын сақтаушы арна болып табылады [1, 15 б.]. Балалар фольклоры арқылы халықтың тарихи тәжірибесі, тұрмыс-салт дәстүрлері, наным-сенімдері, табиғатқа, қоғамға және адамға деген көзқарасы беріліп отырады.

Фольклор – мәдениеттің ең көне формаларының бірі әрі ұлттық болмысты айқындайтын жүйе. Ол тіл, дәстүр, дүниетаным және ұжымдық сананың тоғысқан тұсы ретінде ұлттың мәдени кодын бейнелейді [2, 56 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, балалар фольклоры – халықтың этномәдени жадын сақтаудың табиғи механизмі. Ондағы өлеңдер, ойындар, қаламақтар мен санамақтар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар ұлттық мінез-құлық нормаларын, этикалық өлшемдер мен эстетикалық талғамды бала бойына сіңірудің тілдік және мәдени құралы болып табылады.

Осыған байланысты мақаланың басты мақсаты – қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік қабаттарын айқындау арқылы оның ұлттық мәдениетті сақтаудағы және ұрпақ тәрбиесіндегі орнын көрсету.

Қазақ балалар фольклоры – ұлттық рухани мәдениеттің ең көне әрі ең нәзік қабаттарының бірі. Ол халықтың дүниетанымдық тәжірибесін, тұрмыс-салт дәстүрлерін, моральдық және эстетикалық құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің табиғи әрі тиімді формасы болып табылады [1, 47 б.]. Қазақ балалар фольклоры – халқымыздың рухани дүниесінің терең тамырлы, ерекше мәнге ие саласы. Ол – баланың танымдық, эмоциялық және адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына ықпал ететін, ұлт болмысын бойға сіңірудің табиғи арнасы. Балаларға арналған санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, мақал-мәтел сияқты жанрлар арқылы қазақ халқы өз өмірлік тәжірибесін, дүниетанымын, ізгілік пен әсемдік жөніндегі түсініктерін ұрпақ санасына сіңіріп отырған. Демек, балалар фольклоры тек ойын-сауықтық сипаттағы мұра емес, ол – ұлттың рухани иммунитетін сақтап, мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін, ұлттық болмыстың өзегін танытатын құндылық.

Б. Уахатов балалар фольклорының халықтық өмірмен тығыз байланысын атап өтіп, оның жанрлық құрамын ойын өлеңдері, санамақтар, жұмбақтар, қаламақтар мен ертегілер деп көрсетеді [1, 58 б.]. Оның пікірінше, балалар фольклоры халықтың тұрмыс-тіршілігінен, салтынан, наным-сенімінен туындайды және ұлттың дүниетанымын қалыптастыратын этномәдени ақпарат тасымалдаушы рөлін атқарады.

С. Қасқабасов өз еңбектерінде фольклорды халықтың рухани өмірінің айнасы деп сипаттайды [2, 112 б.]. Ғалым фольклорды ұлттық жад пен дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырып, оның әрбір жанрында халықтың тарихи және мәдени кодтары сақталғанын атап өтеді. Осы тұрғыдан алғанда, балалар фольклорын ұлттық мәдениеттің архетиптік белгілерін бойында сақтаған ерекше жүйе ретінде тілдік тұрғыда қарастыруға болады.

Ә. Қайдар тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын талдай отырып, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің ұлттық ойлау жүйесін танытатынын дәлелдейді [3, 48 б.]. Балалар фольклорындағы әрбір сөз, бейне немесе поэтикалық формула белгілі бір мәдени семаны білдіреді. Мысалы, «ақ», «көк», «жасыл» сияқты түстердің ұлттық символикасы арқылы балаға халықтың дүниетанымдық өлшемдері беріледі.

Ж. Манкеева өз еңбегінде тілдің мәдени код ретінде қызмет ететінін, ал фольклор сол кодтың көрінісін жеткізетін табиғи арна екенін атап өтеді [4, 96 б.]. Балалар фольклоры осы тұрғыдан тіл мен мәдениеттің синкретті бірлігі ретінде қарастырылады.

Ю.С. Степановтың «мәдени константалар» теориясы бойынша, әрбір халық мәдениетінің өзіне тән тұрақты концептілері болады [5, 73 с.]. Қазақ балалар фольклорындағы «жарық», «жол», «ана», «дос», «табиғат» сияқты концептілер – дәл осындай мәдени тұрақтылар. Олар ұлттың рухани әлемін және құндылықтар иерархиясын бейнелейді.

Этномәдени қабаттың тағы бір көрінісі – фольклордағы рәсімдік және символдық жүйе. Балалар ойындарында қолданылатын «ақ», «көк», «қара» түстері ұлттық дәстүрдегі киелілік, қасиеттілік ұғымдарын білдіреді. Мысалы, «Ақ серек, көк серек» ойынында «ақ» пен «көк» қарама-қарсы күштердің белгісі ретінде көрінеді. Мұндай символдар халықтың дүниетанымдық дуализмін танытады және ұжымдық мәдени жадтың тілдік көрінісі болып табылады.

Қазақ балалар фольклорының этномәдени негізі оның тәрбиелік қызметімен де тығыз байланысты. Әрбір ойын, өлең немесе жаңылтпаш – баланың тілі мен ой-өрісін дамытумен қатар, ұлттық мінезді, ізгілік пен батылдықты үйрететін құрал. Осы тұрғыдан алғанда, фольклор тек эстетикалық немесе ойын-сауық элементі емес, ұлттың тәрбиелік жүйесінің бір бөлігі болып табылады [1, 112 б.]. Демек, балалар фольклоры – ұлттың дүниетанымдық тәжірибесін, рухани құндылықтарын және мінез-құлық үлгілерін бойға сіңіретін мәдени код ретінде қызмет атқарады. Ол жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, қоғам мен тұлға арасындағы рухани байланысты қамтамасыз етеді.

Қазақ балалар фольклорының тілдік табиғаты – халық тілінің көркемдік және эстетикалық мүмкіндігін танытатын ерекше аймақ. Онда тіл тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен бірге таным мен мәдениет кодын сақтаушы қызмет атқарады. Балалар фольклорының тілінде ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісі, халықтың ойлау жүйесі мен эстетикалық талғамы көрініс табады [3, 52 б.]. Сондықтан балалар фольклорының тілі ұлт рухының, мәдени жад пен көркем ойлаудың айнасы іспеттес.

Балалар фольклорының басты ерекшелігі – ойындық пен ырғақтылықтың басым болуы. Бұл қасиет оның тілдік құрылымына әсер етеді. Санамақтар мен жаңылтпаштарда буын қайталауы, дыбыс үндестігі, аллитерация мен ассонанс сияқты фонетикалық тәсілдер жиі қолданылады. Мысалы, «Бір, екі, үш – үшеуіміз күш» немесе «Шеше, шешек, шешінді» сияқты жаңылтпаштарда тілдің ойындық табиғаты айқын көрінеді. Мұндай құрылымдар баланың сөйлеу

дағдысын, есте сақтау қабілетін және тілдік түйсігін жетілдіреді [1, 98 б.]. Осы арқылы балалар фольклоры тіл мен ойдың үйлесімін қамтамасыз етіп, сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді тетігіне айналады. Ол халықтық поэтикалық дәстүрдің өміршеңдігін дәлелдейді.

Балалар фольклорының тілдік қабатында сөзжасамдық ерекшеліктер мен қысқартылған формалар жиі кездеседі. Бұл – балалар тіліне тән ықшамдық пен бейнелілікке байланысты. Мысалы, «құлыншақ», «ботақан», «ақ көгершін» сияқты сөздер эмоциялық-экспрессивтік реңк беріп, сүйіспеншілік пен мейірімнің тілдік коды ретінде қызмет етеді.

Фольклор тілі сонымен қатар аймақтық тілдік элементтерді де қамтиды. Кей өңірлерде айтылатын санамақтар мен жұмбақтардың тілдік нұсқалары әр түрлі болуы қазақ тілінің өңірлік реңктерін, жергілікті дүниетанымның ерекшелігін көрсетеді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда айтылатын «Қаратаудың басынан көш келеді» немесе Батыс өңірдің «Желмая мініп желденіп» секілді тіркестері – аймақтық поэтикалық бояулардың көрінісі [2, 87 б.]. Бұл ерекшеліктер халық тілінің байлығы мен өміршеңдігін дәлелдеп, қазақ фольклорының ұлттық тұтастығы мен мәдени алуандықтың үйлесімін танытады. Сонымен қатар аймақтық нұсқалар балаларға ұлттық мәдени әртүрлілікті тануға мүмкіндік беріп, сөздік қорын байытады. Фольклор арқылы әр ұрпақ өз өңірінің тілдік дәстүрін сезініп, ұлттық сананы қалыптастырады.

Ж. Манкеева атап өткендей, тіл – мәдениеттің айнасы [4, 145 б.]. Осы тұрғыдан балалар фольклоры – халықтың рухани-мәдени кодын сақтайтын тілдік кеңістік. Ондағы поэтикалық формулалар, тұрақты тіркестер мен символдық атаулар ұлттық мәдениеттің лексикалық көрінісі ретінде анықталады. Мысалы, «ай», «күн», «жұлдыз» бейнелері қазақ дүниетанымындағы ғарыштық үйлесімділікті білдірсе, «жол», «сарай», «құс» сөздері өмір мен арманның метафорасына айналады [5, 102 с.]. Осылайша, балалар фольклорының тілдік құралдары арқылы жас ұрпақ ұлттық мәдениетті меңгеріп, дүниетанымдық және эстетикалық құндылықтарды бойына сіңіреді. Фольклор тілінің поэтикалық элементтері мәдени ақпаратты сақтаудың және ұрпаққа жеткізудің тиімді тетігі болып табылады.

Сонымен, балалар фольклорының тілдік қабаты – халықтың сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымының сабақтастығын танытатын көпқабатты құрылым. Қазақ балалар фольклорының мазмұны мен құрылымында лингвомәдени концептілер жүйесі айқын көрініс табады. Концепт – белгілі бір ұлттың дүниетанымдық, мәдени және тілдік тәжірибесін бейнелейтін ментальдық құрылым [5, 54 с.]. Балалар фольклорында бұл концептілер халықтың тәрбиелік идеалдары мен құндылықтар жүйесін танытады.

Фольклорда жиі кездесетін «жарық», «жол», «ана», «дос», «ойын», «жер», «су», «табиғат» сияқты концептілер – қазақ дүниетанымының негізгі мәдени кодтары. Мысалы, «жарық» концептісі өмірдің бастауы, игілік пен жақсылықтың нышаны ретінде көрініс табады. Балалар ойындарында «жарық» ұғымы қозғалыс, даму, өмірлік қуат символикасымен байланысты: «Жарық түссе – бәрі көрінеді, білім келсе – надандық жоғалады». Бұл – баланы танымға, ізгілікке

баулитын фольклорлық идея [4, 122 б.]. Сондықтан балалар фольклоры арқылы ұлттық мәдени кодтар жас ұрпаққа табиғи жолмен жетеді, оларды рухани-адамгершілік құндылықтарды түсінуге және қабылдауға үйретеді.

«Ана» концептісі де балалар фольклорында ерекше орын алады. Ол – мейірім мен қамқорлықтың, тіршіліктің және отбасылық бірліктің бейнесі. «Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» сияқты паремияда ұлттың моральдық ұстанымдары мен өмірлік философиясы жинақталған [3, 211 б.]. Балалар фольклоры арқылы бұл ұғымдар ойын мен поэзия тілі арқылы бала санасына табиғи түрде сіңіріледі.

«**Ойын**» концептісі қазақ мәдениетінде дүниетанымдық сипатқа ие. Ойын тек ермек емес, өмір мен әлемді тану тәсілі. Қазақ баласы ойын арқылы қоғамның әлеуметтік рөлдерімен, адамгершілік нормаларымен және рухани құндылықтармен танысады [1, 65 б.]. Осы себепті балалар фольклоры – ұлттың мәдени кодының балалық санадан бастау алатын нышаны.

«**Жол**» концептісі де ерекше мағыналық өріске ие. Ол фольклорда тағдыр, өмір, ізденіс пен рухани даму символы ретінде көрінеді. Балалар өлеңдеріндегі «жолың болсын», «жол ашылсын» деген тілектер – өмірлік бағдар мен аманаттық ойдың тілдік көрінісі.

Концептология тұрғысынан балалар фольклоры ұлттың рухани кеңістігін айқындайтын мәдени мәтіндер жүйесі болып табылады.

Қазақ балалар фольклорындағы этномәдени және тілдік қабаттар өзара тығыз байланысты. Этномәдени мазмұн тіл арқылы көрініс табады, ал тіл – сол мәдени мазмұнды сақтаушы әрі таратушы құрал.

Ә. Қайдардың пайымдауынша, тіл – халықтың «рухани қазынасының қоймасы [3, 73 б.]. Фольклор – осы қазынаның бейнелі, поэтикалық формасы. Мысалы, санамақтар мен жұмбақтарда табиғат, тұрмыс, адамның дене мүшелері туралы білімдер этномәдени мазмұнда беріліп, тілдік форма арқылы бекітіледі. Мәселен, «Бір деген – бірлік, елдің тірлік», «Екі деген – егеу, темір кесер» сияқты жолдар баланы санауға үйретумен қатар, ұлттық құндылықтар мен еңбексүйгіштік идеясын тілдік құрылымда жеткізеді [1, 103 б.]. Нәтижесінде, балалар фольклоры сандық біліммен қатар, ұлттық дүниетаным мен адамгершілік құндылықтарды меңгертудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Фольклордың этномәдени мазмұны тіл арқылы сезім мен танымға әсер ететін көркемдік құралға айналады. Балалар фольклорындағы символдар мен түстер арқылы балалар мәдениеттің мән-мағынасын, өмірлік нормаларды және моральдық қағидаларды бойына сіңіреді, яғни фольклор ұрпақты тәрбиелеу мен мәдениетаралық байланыс орнатудың табиғи медиаторы болып табылады.

Балалар фольклоры ұлттың мәдени кодын сақтаушы ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақтың тілдік және рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды құндылық жүйесі болып табылады. Осы қасиеті арқылы балалар фольклоры ұрпаққа дәстүрлі құндылықтарды жеткізудің, ұлттық сана мен рухани тәрбиенің тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

## Қорытынды

Қазақ балалар фольклоры – ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағы, тіл мен дәстүр сабақтастығының куәсі. Онда этномәдени мазмұн мен тілдік бейненің өзара байланысы көркем әрі үйлесімді сипатта дамыған. Балалар фольклоры ұлттың дүниетанымын, эстетикалық талғамын, адамгершілік қағидаттарын бала санасына сіңірудің ең табиғи жолы болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде анықталғандай, қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік қабаттары өзара тұтастық сипатымен ерекшеленеді. Этномәдени мазмұн тіл арқылы өмір сүреді, ал тіл – сол мазмұнды ұрпаққа жеткізуші негізгі арна. Бұл бірлік ұлттық рухани мұраны сақтаудың және мәдени бірегейлікті нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, балалар фольклоры тек көңіл көтеру немесе ойын-сауық құралы ғана емес, сонымен қатар ұрпаққа ұлттық дәстүр мен мәдени құндылықтарды ұғындырудың тиімді медиаторы ретінде қызмет етеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Уахатов Б. Қазақтың балалар фольклоры. – Алматы: Мектеп, 1974. - 245 б.
2. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. - 320 б.
3. Қайдар Ә. Халық даналығы (паремиологиялық қор). – Алматы: Арыс, 2003. - 560 б.
4. Манкеева Ж. Тіл және мәдениет: лингвомәдениеттану негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. - 304 б.
5. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 1997. - 824 с.